Сарыағаш аудандық білім
бөлімінің химия және
биология пәндерінің әдіс
бірлестігінің торағымы
Кабулова Хатира Давлицқызына

Пікір

Мен Аманбаева Меруерт Үсербаевна 1985 ж. наурыз айының 26-күні Түркістан облысы Сарыағаш ауданы, Жібек-жолы елді мекенінде туылғанмын. Қазіргі № 17 Ы. Алтынсарин атындағы жалпы орта мектебін бітірдім. Хатира апай сол мектепте оқып жүргенімде химия пәнінен сабақ беретін. Сабағы өте қызық, оқушыларды өзіне баурап алып, өз пәнінен оқуға қызығушылығын арттыруда қолданатын әдіс-тәсілдері ұстаз еңбегінің таптырмас құралы болатын. Біріншi Құдай, екінші ата-ана, үшінші Хатира апайдың арқасында химия және биология пәндерінің мұғалімі болдым. 2005 ж. осы мектепте Хатира апаймен әріптес болдым. Білмеген нәрсенің бәрін осы апайымнан сұрайтынмын. Пән апталықтарында өткізген ашық сабақтарының „өте жақсы" деп бағалануы мен әріптес ретінде мектептің мәдени көпшілік қоғамдық шараларында біліктілігінің шыңдалып көрініс табуы. Сынып жетекші ретінде де атқарған жұмыстарынан мін таппайсың. Үнемі ізденіс үстінде жүреді. Көптеген марапаттарға ие болған. 2016 ж. ауданға әдіскер болып ауысады. Ол кезде де көптеген білмеген нәрселерді үйретті. Онда да біздің мектепте жұмыс істеп тиянақты өз уақытымен сабақ өтетін. Бар жұмысқа үлгеріп жүреді. 2019 ж. қараша айында мектептегі жұмысынан босады деп естігенімде төбемнен мұздай су құйылғандай болды. Хатира апайымды мұғалімдердің ұмытпаймын, қимаймын. Құдай қаласа осы апайымдай болсам арманым жоқ еді. Хатира апай өзіне тән коммуникативтік және ұйымдастырушылық деңгейдегі үйлесімді қасиеттері бар. Ол талап қойғыш, оған қоса мейірбан, жауапкершілігі бар ұстаз. Әріптестері, оқушылары